

егемен

ҚАЗАҚСТАН

Ұйқасты ойлар, мағыналы ғибраттар

Телегей тарихи-шығармашылық еңбектерді туындатқан, адамзат тарихының түпқазық бастау көздерін тілдік, тарихи, генетикалық, этнографиялық, мифтік деректер негізінде байыпты зерделеген, романшылық өнердің хас шебері Қойшығара аға Салғараұлы тіліміздің магиялық, философиялық мүмкіншіліктерін шеберлікпен пайдаланып, ғибратты, парасатты ойларын ойшылдық пен сыншылдық көзқарас тұрғысынан суреткерлікпен жеткізеді. Бұл ретте оның «Ұйқасқа түскен ойлар» атты жыр жинағында (Астана, «Фолиант», 2019. 168-бет) ел, жер, ұлт, тіл, дін, тектілік, ізгілік, заман, жаһандану жайлы шынайы толғаныстары сыншылдығымен өзгешеленеді.



Ой мен сөз зергерінің:

Халық ек білікті де түсінікті,

Пір тұтқан тектілікті, кісілікті.

Ес жиып, еңсе тіктеп, дегізейік:

«Қазақтың сөзі мәнді, ісі мықты», – дегенінен ұлтының ұлылығын, даналығын, мүбәрак кемел жаратылысын тануға меңзейді. Тамыры тереңге бойлаған тәлім-дәстүрімізді, сараман жолымызды, обал, сауап, борышты түсінетінімізді көңіл көзімен, ой безбенімен затымыздың асылдығын шамырқана толғап түсіндіреді.

Тарих тұңғышына барлау жасаған, тұрлаулы тұжырымдар түйген деректанушы автор:

Тілдің-дағы қарама бөлегіне

Дініңмен де жасқама, керегі не?

Тегің бірге жаралған, туыссыңдар,

Зейін қойсаң тарих дерегіне, – дейді «Адамзатқа хат» жырында. Негізінде, Ұлы дала перзенті – қазақ баласы тумысынан ой бағып, зерек атанып, аяттар мен хадистердегі «Ой жүгіртпейсіңдер ме?», «Зер салмайсыңдар ма?», «Ақылды қолданбайсыңдар ма?» дейтін ұстанымдарды тұғырнама еткендей.

Қара сөздің құлжасы, өлең сөздің ұстасындай құйқылжытып тамылжытады:

Армандасаң, биікті арманда,

Жөні бөлек биіктіктің жалғанда.

Аялай бер арманыңды ардақтап,

Асқарлар да аласарып қалғанда.

*Аласалар асқақ болып көрініп,
Заңғарларға заман құрық салғанда,
Жігер таныт арман-қанат алғанда!*

Бұл – қазақтың «Аласа тау басында да аласа, Алпамса апанда да алпамса» деген нұсқалы нақылын ойға түсіреді.

Ұлттың рух жыршысы, тарлан тарих тамыршысы «Ұлтты сүю – тектілік» деген ақындық сыр-лебізінде:

*Ұлтты сүю,
Ұлтшыл болу – тұлғалық!
(Тұлға болу бұйырмаған құлға анық).
Бағы жанып, көркейеді қай ел де,
Тұтасымен ұлтшыл болса бір халық,
Тұтас болу – елге қонар ырыс-бақ,
Мәнін оның ұға білсек дұрыстап.
Күн кешеді жікке, топқа бөлінбей,
Бір мүддемен бір мақсатта тыныстап.
Ата жолы – айнамайтын өсиет,
Ұлтты сүю, ұлтшыл болу – қасиет.
Ұлт перзенті бола білген адамға
Өзгелер де қадір тұтып бас иед.*

Ақындық тұлғасы айқындалған Қойшығара Салғараұлының азаматтық тұлғасы асқақ, суреткерлік ұстанымы айқын салиқалылықпен өрілген, «інжу ойлар», «уыз сөздер» төгілген жыр шумақтарында жаһандану жағдайындағы «қомағай қоғам», «өнегесіз өркениет», тұрмыс-тіршілік қайшылықтары мен тәртіпсіздіктер ақынның ойын шырмауықша шырмап, жанын жегідей жеп, сүйегін сырқыратады.

«Білімдінің ойы – нәр, сөзі – жұпар» деп өзі айтқандай, ой жүйесін, сөз киесін қалайша қабылдап, бейнелеп, суреттеп, оюлап, нақыштап толық толғап сипаттайтынын түп-тура төрт жүз төрттағандарында дәлелдеп көрсеткен. Айталық:

- 1. Әр адам – патша, сезінсе соны болғаны,
Ақылы – уәзірі, сабыры – берік қорғаны.
Білім мен білігі – жиналған қазына.
Көкірек – сарайдың кемел толғаны,
Сезінсе соны болғаны.*
- 2. Қара жер – қайтқандарға қалың құндақ,
Сол құндақта тән еріп, жаның тынбақ.
Келгендерге керемет көрінетін
Бұл өмір – шешілмейтін мәлім жұмбақ.*

*3. Кісілікті қасиеттен арылтып,
Құндылықтың құлдырауының жаманы-ай.
Адамдардың арасынан сарылтып,
Адам іздетіп қойған заманы-ай.*

Тегінде, осынау пәлсапалық ойға, көркемдік тәжірибелерге, мәнге негізделген төрттағандар (рубаилар) адамның рухани жетілуіне, өзін-өзі тануына кеңес, тәлім беретін, өнегелі қағидаттар, ақылшылар, даналық дәрістер.

Сонымен қатар:

*Шықсаң да шыңға ұмытпа,
Етекте ел бар екенін.
Жақсы деп биік құнықпа,
Қара жер қайыр мекенің, –*

дейтін нақылдар өмірге көзқарасыңды қалыптастырады, танымыңды, пайымыңды тереңдетеді, көкірек-сарайыңды сәулелендіреді.

Задында, сөз зергерінің «ұйқасқа түскен ойларында» қоғам танымын қалыптастыратын тарихи сана, халықты ортақ мүддеге табыстыратын ұлттық сана, адамды пенделіктерден тазартатын азаматтық сана және рух, тіл, сезім, көңіл байлығын жасайтын көркемдік сана бар.

Кеудесі жақсылардың алтын сандық, суретхана дегендей, абаны жалпақ тарлан боз Қойшекең ішкі сырларымен, толқынды ойларымен бөлісіп ортақтастырады, «адалдықтың жарысын» ұйымдастырады, «білім мен біліктілік бірлестігін» қуаттайды, «төл тарихтың қалдырмай жалғыз шегесін», «қазып бақ тарихты арғы, бергі» деп мақсаткерлігін мәлімдейді.

Серік НЕГИМОВ, филология ғылымдарының докторы, профессор